«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

№ ІМАД-6-14/2483
19.07.2018ж.

«Жамбыл облыстық қоғамдық бақылау және мониторинг орталығы қоғамдық қорының» президенті Қ. Байлашевқа

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің №18190 өтінішіңізге сәйкес, №2644314-1 «Жазғы демалыс кезінде Тараз қаласының саябақтарында мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту» конкурс тәсілімен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы болып табылатын Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының "Тілдерді оқыту орталығы" МКҚК камералдық бақылау жүргізілді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2 бабы 2 және 24 тармақтарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2018 жылғы 24 сәуірдегі шығыс №КВГА-5-13/3350 түсіндірме хатына сәйкес:

2) әлеуетті өнім беруші – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, әлеуетті өнім беруші болуы мүмкін;

24) өнім беруші – тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, мұндай жеке тұлға өнім беруші болуы мүмкін;

Осылайша, конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде орындаушыға қойылған талаптар, яғни орындаушыда мамандар мен оқытушылардың, ағылшын тілін үйретуге сертификаттың бар болуы, осы

мемлекеттік сатып алу барысындағы **әлеуетті өнім берушіге** қойылатын талаптар болып есептелмейді, ол қызмет көрсетудегі шарт міндеттерінің орындалуына қойылатын талаптар.

Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу барысында қызметтерді орындауға міндеттенеді, жасалған шарт аясында міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабы 4 тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес шара қолдануға тиісті.

Конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның "Техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары" 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтініміне "0" балл беріледі, егерде әлеуетті өнім беруші ұсынған жоба Тапсырыс берушінің техникалық еркешелігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда.

Алайда, "Жамбыл облыстық қоғамдық бақылау және мониторинг орталығы" ҚҚ ұсынған жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес келеді.

Осылайша, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші "Жамбыл облыстық қоғамдық бақылау және мониторинг орталығы" ҚҚ-ң конкурстық өтініміне 1 балл берген.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Департамент тарапынан алдын-алу шараларын қолдануға негіз жоқтығын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6-тармағына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылық тәртібімен субъектіге, сондай-ақ шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей сотқа шағым беруіңізге болады.

Басшы м.а. **Қ. Орманов**

Орындаушы: Беков Е.
Тел.:43-54-60